

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізуді, қалпына келтіруді, жоюды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 99 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 9 сәуірде № 7533 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 25.02.2015 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексін орындау мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізуді, қалпына келтіруді, жоюды ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 8

а қ п а н д а ғ ы

№ 99 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілеріне өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) тіркеуші органдардың Қазақстан Республикасы аумағында тууды, қайтыс болуды, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты), некені (

ерлі-зайыптылықты) бұзуды, ұл (қыз) бала асырап алуды, әке болуды белгілеуді, есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыруды, азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулерді енгізуді, жоюды мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ қайталама куәліктер, анықтамалар мен азаматтық хал актілері жазбаларының көшірмелерін беруді ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар электронды түрде "Азаматтық хал актілері жазбалары" ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді.

3. Тіркеуші органдар мынадай әрекеттерді атқарады:

1) тууды, қайтыс болуды, неке (ерлі-зайыптылықты) қию және бұзуды, ұл (қыз) бала асырап алуды, әке болуды белгілеуді, есімін, әкесінің есімін, тегін, жынысын ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді;

2) азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертеді, толықтырады, түзетеді және жояды;

3) жоғалған жазбаларды қалпына келтіреді;

4) бастапқы және қайталама куәліктерді, анықтамаларды, азаматтық хал актілерінің көшірмелерін береді.

4. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде жүргізіледі және олармен жасалған акті жазбалары Қазақстан Республикасының аумақтық әділет органына жіберіледі.

Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеген кезде, егер мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтары болса, Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

2. Тууды мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру тәртібі

5. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанда не электронды түрде ата-аналары не басқа мүдделі тұлғалары тіркеуші органға оның туылған күнінен бастап екі айдан кешіктірмей, ал бала өлі туылған жағдайда туылған сәтінен бастап бес тәуліктен кешіктіріктірмей медициналық ұйымның жауапты лауазымды тұлғасы береді.

6. "Электрондық үкімет" порталы арқылы өтінішті электронды түрде берген кезде өтініш беруші баланың тууын растайтын медициналық куәлік, жеке басын куәландыратын құжаттар және неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы мәліметтерді көрсетеді.

7. Тууды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш алған кезде лауазымды тұлға

өтініш нысанының дұрыс толтырылуына және оған қоса берілген құжаттардың дұрыстығына тексеру жүргізеді.

8. Өтініш толық толтырылған және құжаттар дұрыс болған жағдайда лауазымды тұлға қабылданған өтінішті осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес өтініштерді есепке алу журналына тіркейді және өтініш иесіне өтініш бланкісінің жыртылатын талонын береді.

Өтініштерді есепке алу журналын электронды түрде жүргізуге жол беріледі.

9. Жүргізілген тексеру нәтижесінде лауазымды тұлға "Азаматтық хал актілері" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) деректерді енгізеді.

10. АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркеуден кейін акт жазбасы екі данада басып шығарады және туу туралы куәлік қалыптастырылады.

Туу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес "Елтаңбалы бланкілер беру" журналына (бұдан әрі - шығыс журналы) енгізіледі, сосын өтініш иесіне куәлік беріледі.

11. Екі одан да көп балалардың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде әр қайсысына туу туралы медициналық куәлік беріледі, олардың негізінде бірінен кейін бірін туу туралы жеке жазба жасалады және баланың туу туралы жеке-жеке куәлік беріледі.

12. Екі ай мерзім өткен, сондай-ақ бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген мерзімді бұза отырып, баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы, тіркеуші орган екі данада жасаған қорытынды негізінде жүргізіледі.

13. Екі ай мерзімі өткен, сондай-ақ бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті алған кезде лауазымды тұлға өтініш нысанының дұрыс толтырылуына және қоса берілген құжаттардың дұрыстығына тексеру жүргізеді.

Тексеру нәтижесі бойынша мерзімін бұзып тіркеу немесе мерзімі өткен тууды мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды жасалады және аумақтық әділет органының бастығы бекітеді.

14. Бір жасқа дейінгі баланың тууын мемлекеттік тіркеу тууды ағымдағы тіркеу туралы кітабында жүргізіледі.

15. Бір жастан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу қалпына келтіру туралы кітабында жалпы тәртіп бойынша, бастапқы жазба сияқты жүргізіледі, бірақ реттік саннан кейін "мерзімі өткен" деген сөз қосылып жазылады.

16. Құжаттарды толық тапсырмаған жағдайда тіркеуші органның бастығы барлық құжаттар жиналғанша мемлекеттік тіркеуден бас тартады. Мерзімін бұзып баланың тууын мемлекеттік тіркеуден бас тарту бөлек хатпен рәсімделеді, бас тартудың негізі көрсетіліп, аудандық (қалалық) әділет органының бастығы қол қояды.

3. Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру

17. Әке болуды белгілеуді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес өтініш нысанның дұрыс толтырылуына және қоса берілген құжаттары тексеруге жатады.

18. Өтініш толық толтырылған және құжаттар дұрыс болған жағдайда лауазымды тұлға қабылданған өтінішті өтінішті есепке алу журналына тіркейді. Өтініштерді есепке алу журналын электронды түрде жүргізуге жол беріледі.

19. Егер баланың тууы туралы акт жазбасында баланың әкесі ретінде белгілі бір адам көрсетілсе, тіркеуші орган әке болуды белгілеуді мемлекеттік тіркеуден б а с т а р т а д ы .

Бұл жағдайда тіркеуші орган баланың тууы туралы жазбасы бойынша әкесі туралы бұрын енгізілген мәліметтердің негізділігін тексереді. Т е к с е р у :

1) егер әкесі анықталатын баланың анасы тіркелген некеде (е р л і - з а й ы п т ы л ы қ т а) тұрса;

2) егер баланың анасы тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмаса, ал тууы туралы куәлікте баланың әкесінің тегі анасының тегімен сәйкес келмесе т е к с е р у жүргізіледі.

Егер туу туралы жазба басқа тіркеуші органда болса, оның көшірмесі көрсетілген мәліметтерді нақтылау үшін бір айдың ішінде алдырылады. Туу туралы актілік жазудың көшірмесінің сұратылғаны туралы өтініш берушілерге (өтініш берушіге) хабарланады және әке болуды белгілеу мемлекеттік тіркеу күні белгіленеді. Бұл жағдайда өтініш түскен күні өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі, ал әке болуды белгілеуді мемлекеттік тіркеу туу туралы акті жазбасының көшірмесін алғаннан кейін жүргізіледі.

20. Әке болуды белгілеу мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке баланың туу туралы куәлігі қоса беріледі.

Егер әке болуды белгілеуді мемлекеттік тіркеу тууды мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүргізілсе, баланың туу туралы куәлігі қоса берілмейді.

21. Жүргізілген тексеру нәтижесінде лауазымды тұлға АХАЖ АЖ-ға м ә л і м е т т е р е н г і з е д і .

22. АХАЖ АЖ-та туу мен әке болуды белгілеуді бір мезгілде мемлекеттік тіркеген кезде туу туралы екі акті жазбалары және әке болуды белгілеу туралы екі данада басып шығарылады және туу туралы куәлік пен әке болуды белгілеу туралы куәліктер қалыптастырады.

23. Егер әке болуды белгілеу туралы мемлекеттік тіркеу жүргізілген кезде тууға мемлекеттік тіркеу жасалынған болса, онда әке болуды белгілеу туралы

акті жазбасы екі данада басып шығарылады және әке болуды белгілеу туралы куәлік қалыптастырылады.

Әке болуды белгілеу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізіледі, сосын өтініш иесіне куәлік беріледі.

24. Әке болуды белгілеу туралы актілік жазба негізінде тіркеуші орган сол күні баланың тууы туралы акт жазбасына әкесі туралы және осы өзгерістерге байланысты мәліметті баланың туу туралы акті жазбасына енгізеді және тууы туралы жаңа куәлік жібереді, ол туралы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына тууы туралы акт жазбасының екінші данасына тиісті өзгерістерді енгізу үшін хабарлама жібереді.

25. Егер баланың туу туралы акті жазбасы басқа жерде болса, әке болуды белгілеу туралы актілік жазба тіркелген күні тіркеуші орган баланың тууы туралы акт жазбасының бірінші данасының сақталған жеріне туу туралы акт жазбасына қажетті өзгертулер енгізу үшін хабарлама жібереді.

26. Алынған хабарлама негізінде тіркеуші орган баланың тууы туралы акт жазбасына қажетті өзгертулер енгізеді және тууы туралы жаңа куәлік жібереді. Бір мезетте облыстық (республикалық маңызы бар) аумақтық әділет органындағы тууы туралы акт жазбасының екінші данасына дәл осындай өзгерістер енгізу үшін хабарлама жібереді.

27. Әке болуды белгілеуді тіркеуге байланысты әскерге міндеттінің немесе шақырылушының тегі немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда тіркеуші орган "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл туралы жеті күн мерзімде әскери міндетті немесе шақырылушы әскери есепте тұратын, әке болуды белгілеуді тіркеген жері бойынша жергілікті аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскери басқармаларға хабарлауы тиіс.

28. Соттың шешімімен әке болуды белгілеу жөніндегі акт жазбасы жарамсыз деп танылған жағдайда тіркеуші орган оны жояды.

29. Әке болуды белгілеу туралы бұрын шығарылған сот шешімін бұзу жөніндегі сот ұйғарымын (қаулысын), сондай-ақ әке болуды белгілеу жөніндегі акт жазбасының күшін жою туралы жазбаны жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімін алған жағдайда тіркеуші орган жазбаның сыртқы бетінің жоғарғы жағына көлбеу: "Жазбаның күші жойылған" деп көрсетеді, 21-бағанада қашан және қай соттың шешім шығарғандығы туралы белгі қояды.

30. Акт жазбасының күші жойылғандығы туралы тіркеуші орган облыстық аумақтық әділет органын (республикалық маңызы бар қала) хабарлайды, осы тәртіппен жазбаның екінші данасының күшін жояды.

31. Әке болуды белгілеу туралы акт жазбасының күші жойылғаны туралы тууы туралы акт жазбасы тұрған жердегі тіркеуші органын хабарлайды, ол акт

жазбасындағы бастапқы өзгерістерді (егер әке болуды белгілеуге байланысты баланың тегі өзгерсе, сондай-ақ оның әкесінің аты мен әкесі туралы мәліметтер өзгерсе) қайта қалпына келтіріп, тиісті белгі қойылады. Қойылған белгі бойынша туу туралы акт жазбасының екінші данасы тұрған облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына хабарланады.

32. Әке болуды белгілеу туралы акт жазбасының күші жойылған кезде тіркеуші орган баланың анасына тиісті жәрдемақы алу үшін халықты әлеуметтік қорғау органына ұсыну үшін анықтама береді.

33. Баланың ата-анасының бірлескен өтініші негізінде әке болуды белгілеуді өкіл арқылы тіркеуге жол берілмейді.

4. Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру тәртібі

34. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы өтініш тіркеуші органға осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанда немесе "электрондық үкімет" порталы арқылы электронды түрде, некеге алғаш рет тұратындарға некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркегенге дейін бір ай бұрын беріледі.

35. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы өтініш өтініштерді есепке алу журналында тіркеледі, онда некеге (ерлі-зайыптылыққа) ниет білдірушілердің есімі, әкесінің аты, өтінішті қабылдау күні, некеге тіркеу күні, соңында неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акті жазбасының нөмірі көрсетіледі.

Түскен өтініштерді есепке алу журналын электронды түрде жүргізуге жол беріледі.

36. Өтінішті қабылдау кезінде тіркеуші орган неке қиюға (ерлі-зайыптылыққа) ниет білдіруші адамдарды некені тіркеу тәртібімен және шарттарымен таныстыруға, оларға болашақтағы жұбайлар және ата-аналар ретіндегі міндеттері мен құқықтары туралы түсіндіруге, екеуінің өзара келісімі бойынша медициналық тексеруден, сондай-ақ некеге (ерлі-зайыптылық) тұрушылардың неке кезіндегі және некенің бұзылуы жағдайындағы мүліктік құқықтары мен жұбайлық міндеттерін анықтайтын неке шартын жасасу құқығы туралы хабардар етуі тиіс.

37. Бұрын тіркелген некеде (ерлі-зайыптылық) тұрған адамдар тіркеуші органға бұрынғы некенің тоқтатылғандығын растайтын құжаттар: некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғаны туралы куәлікті, жұбайының қайтыс болғандығы жөнінде куәлікті не некені жарамсыз деп тану туралы сот шешімін ұсынуға тиіс.

38. Некеге (ерлі-зайыптылық) тұрғысы келетін адамдардың келісімі бойынша тіркеуші орган некені тіркеудің уақытын (күнін және сағатын) тағайындайды, ол туралы өтініште, сондай-ақ өтініштерді есепке алу журналында және өтінішке

тиісті белгі қояды. Ағымды мерзім өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдың тиісті күні бітеді. Егер бұл жұмыс емес күнге тура келсе, онда мерзімнің біту күні келесі жұмыс күнінен бастап есептелінеді.

39. Неке жасына толмаған тұлғалардың некесін (елі-зайыптылық) қиюын тіркеуге осы Ереженің 7-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жасалған неке жасын азайту туралы тіркеуші органның қорытындысы негізінде жол беріледі.

Неке жасын азайту туралы өтінішті осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша некеге тұруға ниет білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) неке жасын азайтуға қажетті тиісті құжаттармен расталған себептерін көрсете отырып, береді.

Барлық жағдайда неке жасын азайтуға тек некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі, сондай-ақ неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасында некеге тек ата-аналарының немесе қорғаншыларының келісімімен рұқсат етіледі.

Өтініш беруші азаматтар қойған қолдарының түпнұсқалығы лауазымды тұлғаның қолымен және тіркеуші органның мөрімен расталады.

40. Өтінішке неке (ерлі-зайыптылық) жасын азайту себептерін растайтын құжаттар (жүктілік туралы дәрігерлік-біліктілік комиссияның анықтамасы, туу туралы куәліктің көшірмесі, кәмелетке толмағандардың ата-аналарының және кәмелетке толмағандардың өздерінің жеке басын куәландыратын құжаттар) қоса беріледі.

41. Өтінішті қарау нәтижесінде неке (ерлі-зайыптылық) жасын азайту туралы шешім қабылданады немесе негізделген бас тару жасалады.

42. Неке қиюды (ерлі-зайыпты) болуды мемлекеттік тіркеу белгіленген күні тіркеуші органның лауазымды тұлғасы АХАЖ АЖ-ға мәлімет енгізеді.

43. АХАЖ АЖ-да тіркегеннен кейін актілік жазбасы екі данада басып шығарылады және неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік қалыптастырылады.

Неке (ерлі-зайыптылық) туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізіледі.

44. Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге тұратын адамдардың қатысуымен жүргізіледі, содан кейін тіркеуші орган неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік береді.

Некені (елі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге (ерлі-зайыптылық) тұратын адамдардың тілегі бойынша туыстары мен куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

45. Некені (ерлі-зайыптылықты) өкіл арқылы тіркеуге жол берілмейді.

5. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру тәртібі

46. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші ерлі-зайыптылардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес жазбаша түрде беріледі.

Заң күшіне енген сот шешімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініші осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанды түрде сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуші органға беріледі.

Жұбайының хабар-ошарсыз кетті, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғаны туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жұбайлардың бірінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініші осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес жазбаша түрде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға беріледі.

Егер некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш әскери қызметкердің қызметін өтеу орны бойынша тіркеуші органға берілетін болса, онда оның тұрғылықты жері болып тиесілі әскери бөлімнің немесе мекеменің орналасқан жері саналады.

Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға "электрондық үкімет" порталы арқылы электронды түрде өтініш беруіне жол беріледі.

47. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш өтініштерді есепке алу журналында тіркеуге жатады, онда өтініш берушінің (өтініш берушілердің) тегі, есімі, әкесінің есімі, өтінішті қабылдау күні, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуге арналған күн, сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акті жазбасының нөмірі көрсетіледі.

Өтінішті есепке алу журналын электронды түрде жүргізуге жол беріледі.

48. Егер бір жұбайына қатысты некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу жүргізілген болса, онда басқа жұбайынан тұрған жерінен келіп түскен өтінішті сот шешімінің көшірмесімен бірге және мемлекеттік бажды төлегендігі туралы түбіртегімен бірге некені бұзу туралы акт жазбасы тұрған орын бойынша оны жетіспейтін мәліметтермен толықтыру үшін акт жазбасы жазылған органға жібереді.

49. Оған қоса берілген құжаттар мен өтінішті алған тіркеуші орган некені (

ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасын толықтырады және өтініш берушінің тұратын жеріндегі тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті табыс ету үшін жібереді.

Акт жазбасын толықтырғаннан кейін тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасының екінші данасы тұрған жері бойынша хабарлама жібереді.

50. Хабар-ошарсыз кетті, әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғамен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш түскен жағдайда тіркеуші орган өтініш келіп түскен күннен бастап бір апта мерзімде сотталушының отырған жері бойынша хабарлама жібереді. Хабарламаны алған күннен бастап қырық бес күн ішінде сотталушы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы өтініш бойынша даудың бар не жоқ екендігі жөнінде жазбаша хабарлайды.

51. Тіркеуші орган өтініш берушіге тиесілі хабарламаның жіберілгендігі жөнінде, сондай-ақ хабарламаға жауап алу үшін белгіленген мерзім жөнінде хабарлайды.

52. Даудың жоқ екендігі жөнінде хабар алынғаны не жауап алынбағаны жағдайда тіркеуші орган өтініш берушінің қатысуымен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркейді.

53. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген сотталушылармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу тәртібі соттың үкімімен қылмыс жасағаны үшін үш жылдан кем емес мерзімге бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қолданылмайды.

Сотталғандардың өтініштері бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жалпы негіздерде жүргізіледі.

54. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу бір ғана тіркеуші органда жүргізіледі.

55. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеген күні лауазымды тұлға мәліметтерді АХАЖ АЖ-ға енгізеді.

56. Егер некені (ерлі зайыптылықты) бұзу бір жұбайына қатысты жүргізілетін болса, онда акт жазбасын жасаған кезде оған осы жұбайына қатысты барлық қажетті мәліметтер енгізіледі.

Екінші бір жұбайына қатысты тек некені бұзғанға дейінгі тегі, есімі, әкесінің есімі және оның туған уақыты, сондай-ақ соттың шешімі бойынша осы жұбайы төлеуге тиіс мемлекеттік баж сомасы ғана көрсетіледі.

Бұл жағдайда некені (ерлі зайыптылықты) бұзу туралы куәлікте тек некені (ерлі зайыптылықты) бұзуды тіркеген жұбайының некені (ерлі зайыптылықты)

бұзғаннан кейін берілген тегі көрсетіледі.

57. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркегеннен кейін екі данада актілік жазба басып шығарылады және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік қалыптастырылады.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізіледі, содан кейін өтініш иесіне куәлік беріледі.

58. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға байланысты әскерге міндетті немесе шақырылушы адамның тегі өзгертілген кезде тіркеуші орган "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңға сәйкес бұл туралы некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылғаны тіркелген жердегі жергілікті аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әскери басқару органдарына жеті календарлық күн ішінде хабарлайды.

59. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркегеннен кейін тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жөнінде некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы актілік жазба орналасқан жердегі тіркеуші органға хабарлама жібереді, сондай-ақ, екінші данасы орналасқан облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) аумақтық әділет органына хабарлама жібереді.

60. Хабарлама алған соң, тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы акт жазуының "Белгілер үшін" деген бағанында некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу қашан және қай тіркеуші органда тіркелгендігін, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазуының нөмірін көрсетіп, некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылғандығы туралы белгі қояды.

Акті жазбасының сыртқы бетінде жоғары жағынан "Неке бұзылды" деп көрсетіледі.

61. Егер некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы акті жазбасында некенің бұзылғаны туралы белгі болса, онда некені (ерлі-зайыптылықты) қию туралы қайталама куәлік берілмейді.

Бұрынғы жұбайларға өздерінің некеге дейінгі тегін растау үшін тіркеуші орган аталған адамның некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрғанын, содан соң оның бұзылғанын растайтын анықтама береді.

62. Жұбайлардың бірлескен өтініші негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды өкілдері арқылы мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.

6. Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру тәртібі

63. Ұл (қыз) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанда тіркеуші органға беріледі.

64. Ұл (қыз) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш алған кезде

лауазымды тұлға өтініш және оған қоса берілген құжаттардың нысанын толтырудың дұрыстығына тексеру жүргізеді.

65. Асырап алынған баланың туу туралы актілік жазбасы жоғалған жағдайда ұл (қыз) бала асырап алуды тіркеу тек ол қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүргізілуі тиіс.

Тіркеуші органға жоғалған жазбаны қайта қалпына келтіру туралы өтінішпен баланы асырап алған адамдар, ата-анасы (егер сот шешімі бойынша оның балаға қатысты құқықтары мен міндеттері сақталатын болса), қорғаншылық және қамқоршылық органы, он алты жасқа толған асырап алынған баланың өзі, сондай-ақ тәрбиелеуінде бала тұрған адамдар мен мекемелер келе алады.

66. Өтініші мен құжаттар пакетін толтыруы дұрыс болған, сондай-ақ туу туралы актілік жазбасы болған кезде лауазымды тұлға өтініштерді есепке алу журналына тіркейді және өтініш берушіге өтініш бланкісінің жыртылатын талонын береді.

Өтініштерді есепке алу журналын электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.

67. Жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша лауазымды тұлға мәліметтерді АХАЖ АЖ енгізеді.

68. Асырап алынған ұл (қыз) баланың тегі, есімі, әкесінің есімі, сондай-ақ оның ата-анасы туралы мәліметтер ұл (қыз) бала асырап алу туралы сот шешіміне сәйкес жазылады.

69. Ұл (қыз) бала асырап алу АХАЖ АЖ мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін актілік жазба екі данада басып шығарылады және ұл (қыз) бала асырап алу туралы куәлік жасалады.

70. Егер ұл (қыз) бала асырап алу туралы соттың шешімінде көрсетілген асырап алынған ұл (қыз) бала туралы мәліметтер тууы туралы куәлікте бар осындай мәліметтерге сәйкес келмесе немесе асырап алушылардың жеке бастарын куәландыратын құжаттардағы мәліметтер соттың ұл (қыз) бала асырап алу туралы шешіміндегі жазылған жазбамен сәйкес келмесе ұл (қыз) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу мәліметтер нақтыланғанға дейін кейінге қалдырылады.

71. Егер ұл (қыз) бала асырап алу туралы соттың шешімінде асырап алынған ұл (қыз) баланың тегін, атын, әкесінің атын, туған жері мен күнін өзгерткені туралы не ата-аналары туралы мәліметтер көрсетілмеген болса, онда тек ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жасалады. Бұл ретте асырап алынған ұл (қыз) баланың тууы туралы актілі жазбасында ұл (қыз) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу туралы белгі қойылады.

72. Егер асырап алынған ұл (қыз) баланың ата-анасы ретінде сот шешімі бойынша бала асырап алушылар жазылса, алайда асырап алынған ұл (қыз) баланың тегі мен оның әкесінің аты өзгертілмесе, онда баланың тууы туралы куәлікті қайта беру кезінде бала асырап алушылар ата-ана ретінде көрсетіледі.

73. Ұл (қыз) бала асырап алушылар тек әйел (еркек) адам болған жағдайда және ұл (қыз) бала асырап алу туралы сот шешімінде баланың әкесінде (анасында) осы балаға қатысты құқықтар мен міндеттер сақталады деп көрсетілген болса, туу туралы акті жазбасында әкесі (анасы) туралы мәліметтер өзгертуге жатпайды.

Егер баланың әкесінің атында оның құқықтары мен міндеттері сақталмаған не туу туралы акті жазбасында әкесі туралы мәлімет болмаған болса, ұл (қыз) бала асырап алушы әйел адамның жазбаша өтініші бойынша әкесі туралы мәліметті тіркеуші орган "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексте көзделген тәртіппен көрсетуі мүмкін.

Баланың туу туралы актілік жазбасында әкесі туралы мәлімет жазылған жағдайда, соттың шешіміне сәйкес баланың анасы деп жазылған ұл (қыз) бала асырап алушы әйелдің өтініші бойынша бұл мәліметтерді қорытынды жасамай-ақ тіркеуші орган өзгертеді, әкесінің тегі ұл (қыз) бала асырап алушы әйел адамның тегі бойынша, ал есімі, әкесінің есімі және ұлты оның көрсетуімен жазылады.

74. Баланың анасында оның құқықтары мен міндеттері сақталмаған немесе анасы туралы мәлімет баланың туу туралы куәлігіне енгізілген жағдайда, онда ол мәліметтерді тіркеуші орган соттың шешіміне сәйкес баланың әкесі деп жазылған ұл (қыз) бала асырап алушы ер адамның жазбаша өтініші бойынша өзгертеді. Мұндай жағдайларда анасының тегі ұл (қыз) бала асырап алушы ер адамның тегі бойынша, ал оның есімі, әкесінің есімі және ұлты қорытынды жасамай-ақ оның көрсетуі бойынша жазылады.

Тіркеуші орган баланың анасы деп жазылған, некеде (ерлі-зайыптылық) тұрмаған әйел адамның ұл (қыз) бала асырап алуын тіркеу кезінде тиісті жәрдемақы алу үшін әлеуметтік қамсыздандыру органына ұсыну үшін анықтама береді.

75. Ұл (қыз) асырап алуын тіркеуге байланысты әскерге шақырылушының есімі, әкесінің есімі, тегі, сондай-ақ туған жері мен күні өзгерген кезде тіркеуші орган "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 7 күнтізбелік күн ішінде ол туралы әскерге шақырылушы есепте тұрған әскери басқару органына хабарлайды.

76. Соттың бала асырап алу туралы шешімі бойынша асырап алынғанның туған күні өзгерген кезде тіркеуші орган туу туралы акті жазбасындағы туған күнін өзгерте отырып, туу туралы актінің тіркелген күнін де өзгертеді.

Туу туралы акті жазбасындағы "Белгілер үшін" бағанында бала асырап алу туралы соттың шешімі (соттың атауы мен соттың шешімінің күні) мен ұл (қыз) бала асырап алу туралы акт жазбасы (бала асырап алу тіркелген тіркеуші орган, акт жазбасының нөмірі мен күні) көрсетіледі.

77. Ұл (қыз) бала асырап алу туралы сот шешімімен асырап алынған ұл (қыз) баланың туған жері өзгертілген кезде тіркеуші орган ұл (қыз) бала асырап алу туралы шешімде көрсетілген туған жері бойынша баланың тууы туралы жаңа акт ж а з б а с ы н ж а с а й д ы .

78. Туу туралы жаңа акті жазбасы жасалған соң тіркеуші орган ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жазбасының бірінші данасы тұрған жері бойынша тіркеуші органға және туу туралы бастапқы акті жазбасы тұрған жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.

79. Хабарламаны алған кезде тіркеуші орган аталған акті жазбасына қажетті өзгерістерді енгізеді, ал "Белгілер үшін" бағанында туу туралы жаңа акті жазбасының жасалған жерін, оның нөмірі мен күнін көрсетеді. Бұдан басқа, туу туралы бастапқы акті жазбасындағы "Белгілер үшін" бағанында ұл (қыз) асырап алу туралы шешім шығарған сот шешімінің атауы мен күні көрсетіледі.

Бұл ретте, бастапқы акті жазбасы бойынша туу туралы куәлік жазылмайды.

80. Бала асырап алушыларға асырап алынған ұлдың (қыздың) туу туралы жаңа куәлігі беріледі, ал бұрынғы куәлігі жойылады.

81. Сот бұрын шығарған ұл (қыз) бала асырап алу туралы шешіміне қосымша бала асырап алушылар асырап алынатын ұлдың (қыздың) ата-анасы ретінде жазылатын жаңа қосымша шешім шығарған жағдайда немесе баланың есімі, әкесінің есімі, тегі, туған күні мен орны өзгертін болса, тіркеуші орган бұрын шығарылған ұл (қыз) бала асырап алу туралы, асырап алынған ұлдың (қыздың) туу туралы акті жазбаларына өзгерістер енгізеді.

82. Ұл (қыз) бала асырап алуды жарамсыз деп тану, сондай-ақ ұл (қыз) бала асырап алуды жою тек сот тәртібімен жүргізіледі.

83. Тіркеуші органға ұл (қыз) бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі түскен кезде жазбаның бірінші бетінде көлбеу сызық сызу арқылы ұл (қыз) асырап алу туралы акті жазбасы жойылады.

21-бағанда: "Ұл (қыз) бала асырап алу сот шешімімен жарамсыз деп танылды" деп көрсетіледі, содан кейін бұл жазба лауазымды тұлғаның қолымен және тіркеуші органның мөрімен расталады.

84. Ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жазбасын жою туралы егер олар ұл (қыз) бала асырап алуына байланысты өзгерген болса, баланың ата-анасы, сондай-ақ баланың өзі туралы бастапқы мәліметтерді қалпына келтіретін баланың туу туралы акті жазбасының бірінші данасы тұрған жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жіберіледі.

Ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жазбасын жою туралы ұл (қыз) бала асырап алу туралы және баланың туу туралы акті жазбасының екінші данасы орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына хабарлама жіберіледі, онда ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жазбасының екінші данасы жойылады,

сондай-ақ туу туралы акті жазбасының екінші данасына өзгерістер енгізіледі.

85. Егер ұл (қыз) бала асырап алу туралы сот шешіміне сәйкес асырап алынушы ұлдың (қыздың) туған жері өзгерсе, оған байланысты баланың туу туралы жаңа акті жазбасы жасалған болса, ұл (қыз) бала асырап алу туралы акті жазбасын жойған тіркеуші орган туу туралы жаңадан жасалған акті жазбасының бірінші данасы тұрған жері бойынша осы жазбаны жою қажеттігі туралы х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Оны жойған соң тіркеуші орган туу туралы бастапқы жасалынған жазбаға қажетті өзгерістер енгізу және ондағы бұрынғы мәліметтерді қалпына келтіру туралы, сондай-ақ туу туралы қайтадан жасалынған акті жазбасының екінші данасы тұрған жері бойынша облыстың аумақтық әділет органына хабарлама жібереді.

7. Есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу тәртібі

86. Есімін, әкесінің есімін, тегін өзгерту туралы өтініш өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес тіркеуші о р г а н ғ а б е р і л е д і .

87. Есімін, әкесінің есімін, тегін өзгерту туралы өтінішті тіркеуші орган өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарайды. Дәлелді себептер болған кезде (азаматтық хал актілері жазбаларының көшірмелерін алмауы) өтінішті қарау мерзімі бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Республика бойынша АХАЖ АЖ-де акті жазбаларының электрондық нұсқасы болған кезде есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы өтініш күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады.

88. Егер азаматтық хал актілері жазбалары жоғалған жағдайда есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексте белгіленген тәртіпте жазбалар қайта қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

89. Егер есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы өтінішпен бір мезгілде ұсынылған құжаттарда және азаматтық хал актілері жазбаларының көшірмелерінде мәліметтер сәйкес келмеген жағдайларда, ондай сәйкессіздіктер "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексте белгіленген тәртіпте ж о й ы л а д ы .

90. Азаматтық хал актісі жазбасын қалпына келтіру немесе өзгерту қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі азаматтық хал актісі жазбасын қалпына келтіру не өзгерту, толықтыру немесе түзету туралы мәселе шешілгенге дейін т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы .

91. Ұсынылған құжаттар, сондай-ақ тексеру нәтижелері негізінде өтінішті

қабылдаған тіркеуші орган осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды жасайды, онда есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру негізділігі және өтініш берушінің есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру мүмкіндігі туралы тексеру нәтижелері жазылады.

92. Есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы қорытынды 2 данада жасалады, аумақтық әділет органының бастығы бекітеді және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Істің материалдарымен қоса қорытындының бірінші данасы тіркеуші органда сақталады, ал екінші данасы сақтау үшін әділет департаментіне жолданады.

93. Қорытындыны бекіткеннен кейін лауазымды тұлға АХАЖ АЖ-де есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру мемлекеттік тіркеуді жүргізеді.

94. АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркелген соң акті жазбасы екі данада басып шығарылады және есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы куәлік жасалады.

Есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізіледі, сосын есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы куәлік беріледі.

95. Тіркеуші орган есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыру туралы акті жазбасын тіркеген соң есімін, әкесінің есімін, тегін ауыстыруға байланысты өзгерістер енгізу үшін туу туралы акті жазбасы тұрған жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.

96. Туу туралы акті жазбасына өзгерістерді енгізу хабарлама түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жүргізіледі. Бұл ретте, туу туралы жаңа куәлік жазылады.

97. Туу туралы акті жазбасына өзгерістер енгізіліп болған соң тіркеуші орган өзгерістерді енгізу үшін облыстың аумақтық әділет органына хабарлама жібереді.

8. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру тәртібі

98. Қайтыс болғаны туралы өтініш жазбаша түрде осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес беріледі.

99. Қайтыс болуды тіркеу туралы өтінішті алған кезде лауазымды тұлға өтініш нысанының дұрыс толтырылғанын және оған қоса берілген құжаттарды тексереді.

Өтініштің толтырылуы толық және ұсынылған құжаттар дұрыс болған кезде лауазымды тұлға қабылданған өтінішті өтініштерді есепке алу журналына тіркейді.

Өтініштерді есепке алу журналын электронды түрде жүргізуге жол беріледі.

100. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға мәліметтерді
А Х А Ж А Ж - н е е н г і з е д і .

101. АХАЖ АЖ-та қайтыс болу мемлекеттік тіркелген соң акті жазбасы екі данада басып шығарылады және қайтыс болу туралы куәлік жасалады.

Қайтыс болу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтер шығыс журналына енгізіледі, содан кейін өтініш берушіге куәлік беріледі.

9. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді ұйымдастыру тәртібі

102. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізу туралы өтініш осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес жазбаша түрде өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға б е р і л е д і .

103. Азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтінішті алған кезде лауазымды тұлға өтініш нысанының дұрыс толтырылуына және оған қоса берілген құжаттарға тексеру жүргізеді.

Өтініштің толтырылуы және оған қоса берілген құжаттар дұрыс болған кезде лауазымды тұлға өтініштің қабылданғанын өтініштерді есепке алу журналына т і р к е й д і .

Өтініштерді есепке алу журналын электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.

104. Өтініштер күнтізбелік 15 күнге дейінгі мерзімде қаралуы тиіс. Сұрау салуды басқа аумақтық әділет органдарына жіберу қажет болған кезде өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылады.

105. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мынадай негіздемелер бойынша жүргізіледі:

1) ұл (қыз) бала асырап алуға байланысты оның есімін, әкесінің есімін, тегін, туған жері мен күнін өзгерткен кезде, сондай-ақ бала асырап алушыларды асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазғанда;

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға немесе некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тануға байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертілген кезде;

3) ата-анасының арасындағы некенің (ерлі-зайыптылықтың) тоқтатылуына немесе некенің (ерлі-зайыптылықтың) жарамсыз деп танылуына байланысты кәмелетке толмаған баланың тегін өзгерткен кезде;

4) әке болуды тіркегенде;

5) некеге (ерлі-зайыптылықта) тұрмаған анадан баланың туу туралы акті жазбасына баланың әкесі туралы мәліметтерді енгізу туралы өтініш түскенде;

6) бала асырап алудың күшін жою немесе бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ некені (ерлі-зайыптылықты) жарамсыз деп тану туралы

тәртіпте адамдардың өтініштері бойынша жүргізіледі.

108. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болып табылатын қорытынды тиісті азаматтық хал актісінің жазбасы жасалған жердегі тіркеуші органдарға орындау үшін жіберіледі.

Тиісті жазбалар жасалған жері бойынша азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу құжаттар түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн мерзімінде жүргізеді.

Бұл ретте өтініш берушіге беру үшін өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі тіркеуші органға жіберілетін азаматтық хал актісін тіркеу туралы жаңа куәлік ж а з ы л а д ы .

109. Азаматтық хал актілеріне енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер жөнінде тіркеуші орган тиісті хабарлама жібереді.

110. Азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының шетелде тұрғылықты тұратын азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында азаматтық хал актілерін тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне береді.

111. Азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің арызы бойынша тиісті акті тіркелген жердегі тіркеуші орган жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында азаматтық хал актілерін тіркеген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүргізіледі.

10. Азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіруді ұйымдастыру тәртібі

112. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органға беріледі.

113. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш бір айға дейінгі мерзімде қаралады.

114. Ұсынылған құжаттар мен тексерулердің нәтижелері негізінде тіркеуші орган өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша осы Ереженің 19-

қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық хал актісінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру немесе одан бас тарту туралы қорытынды жасайды, оны аумақтық әділет органының бастығы бекітеді.

115. Тіркеуші органның азаматтық хал актісінің жазбасын қалпына келтіру туралы қорытындысы қалпына келтірілген жазбаны мемлекеттік тіркеу үшін жоғалған жазба жасалған жердегі тіркеуші органға жіберіледі.

116. Жоғалған жазба сот тәртібімен қалпына келтірілген жағдайда акті жазбасының қалпына келтірілуін тіркеуі соттың шешім шығарған жері бойынша жүргізіледі.

117. Азаматтық хал актісінің тіркелу фактісі сот тәртібімен анықталған кезде тіркеуші орган сот шешімінің негізінде азаматтық хал актісінің жазбасын қорытынды жасамай-ақ тіркейді.

118. Азаматтық хал актісін қалпына келтіру туралы жазба (туудан басқа) күнделікті тіркеу кітабында, ал туу туралы қалпына келтірілген жазбаны тіркеу туу туралы қалпына келтірілген актілерді тіркеу кітабында жүргізіледі.

119. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбаларын қалпына келтіру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының шетелде тұрғылықты тұратын азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында азаматтық хал актілерін тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне береді.

120. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіруді жоғалған жазба болған жердегі тіркеуші орган Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің қолдаухаты бойынша жүргізеді.

121. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарда азаматтық хал актілерін тіркеген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүргізеді.

121-1. Тарихи отанына қайта оралған адамдарға қатысты туу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру жеткілікті негіздер болған кезде және осы фактіні құжаттық растау (акт жазбасының болмауы (жоғалғаны) туралы анықтама немесе хабарлама) мүмкін болған кезде немесе ішкі істер органдарының осы адамдардың Қазақстан Республикасына заңды түрде келгені туралы растамасы және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтініші болған кезде ғана жүргізіледі.

Тарихи отанына қайта оралған Қазақстан Республикасы азаматтарының ата-аналары, сондай-ақ отбасы мүшелері туралы растайтын ақпаратты тіркеу органдарының сұрау салуы бойынша ішкі істер органдары береді.

Ескерту. Ереже 121-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 28.12.2013 № 405 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Азаматтық хал актілері жазбаларының күшін жоюды ұйымдастыру тәртібі

122. Азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою туралы өтініш осы Ереженің 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркеуші органға беріледі.

123. Азаматтық хал актілері жазбасының күшін жою туралы өтінішті тіркеуші орган бір айға дейінгі мерзімде қарайды.

